



2017 жылғы «29» тамыз

«    »    20    года

### Аудиторлық есеп

Жалағаш ауданы,  
Жалағаш кенті

2017 жылғы «29» тамыз  
№2 дана

Копирме жасауға тыйым салынады. Сиялыс көпийіп жіберілетіні.

**Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:** «Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысының Әділет департаментінің, Жалағаш ауданының Әділет басқармасында 2015 жылдың 22 мамырында қайта тіркеуден өтіп, БСН 060240011409 берілген.

Банк деректемелері: БСК ККМФКЗ2А, ЖСК KZ14070103KSN3305000.  
Мекеме коды: 4632502.

Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі 3 үй, байланыс телефоны 79-1-27, факс 31-9-78.

**Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі:** Тиімділік, сәйкестік.

**Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма (Тексеру тағайындау туралы акт):** Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Мирамбек Ахметұлы Сатлабаевтың 2017 жылғы 7 тамыздағы №28.7-150-Т аудиторлық іс шара жүргізуге тапсырмасы.

**Мемлекеттік аудитті** Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының №2 мемлекеттік аудит бөлімінің бас маман-мемлекеттік аудитору Талапбаев Мухтар Едилович жүргізді.

**Мемлекеттік аудиттің мақсаты:** Жалағаш ауданының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарына бөлінген қаржылардың пайдаланылуына, аудан бюджетіне түсетін түсімдердің толықтығы мен уақытылығына, жергілікті бюджетке қате, (артық) төленген соманың қайтарылуына, есепке алудың дұрыстығына мемлекеттік аудит.

**Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2015 жылдың 1 шілдесінен 2017 жылдың 30 маусым айын қоса алғандағы кезең аралығы.

**Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2017 жылдың 21-29 тамыз айы аралығы.

001577

**Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:** Мемлекеттік аудит «Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Байболов Бабаназар Тураковичтің келісімімен, бас маман Д.Идирисовтың және бөлімнің статисты Г. Байсеитованың қатысуымен жүргізілді.

Мемлекеттік аудит объектісінің мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде құжаттарға бірінші қол қою құқығына Б. Байболов ие болған, екінші қол қою құқығы бас маман Д.Идирисовке 01.07.2015-18.01.2017 жылдар аралығында, 19.01.2017 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Г. Байсеитоваға берілген.

**Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:**

«Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бұған дейін Қаржылық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясының №3 бақылау бөлімінің басшысы Б.Шәріпбеков 2013 жылдың 1 шілдесінен бастап 2015 жылдың 30 маусым айын қоса алғандағы кезеңге жергілікті бюджеттен бөлінген қаржының бюджет және мемлекеттік сатып алу заңдылығына сәйкес жұмсалуына жоспарлы кешенді бақылау жүргізген.

Бақылау қортындысымен еңбек демалысына шыққан қызметкерлердің күндерін артық есептеу салдары есебінен барлығы 26,5 мың теңге артық есептеліп, төленгені анықталған.

Сонымен қатар, бөлімнің бас маманы Д.Идирисовқа 2014 жылғы іс сапарға тапсырған аванстық есебінде тәулікақыға 3,7 мың теңге, іс сапар шығындарына артық есептеліп, төленгенін көрсеткен.

“Жалағаш аудандық жер қатынастары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2015 жылдың 11 қараша айында №02-2/871 санды хатымен бақылау қорытындысында анықталған заң бұзушылықтар бойынша барлық кемшіліктерді жойып, сол туралы Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясына жауабы жолдаған.

**Жүргізіліп отырған мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:**

***Тиімділікті бағалау өлшемдері:***

**1. Мемлекеттік аудит объектісінің атқаратын мемлекеттік қызметтеріне жұмсалған бюджет қаражаты, еңбек және басқа да ресурстарды пайдаланудың үнемділігі, нәтижелілігі және тиімділігі.**

«Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2016-2018 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары 2016 жылдың 5 желтоқсанындағы №42 бұйрығының 1 қосымшаларға сәйкес бекітілген. Бұл бюджеттік бағдарламалар «Жалағаш аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен келісілген. 2016-2018 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалар 2016 жылы және 2017 жылдарға өзгерістермен толықтырулар бөлімнің бұйрығымен енгізіліп отырған.

Бюджеттік бағдарламалар атап айтқанда;

463-001 бюджеттік бағдарламасының міндеті (түпкілікті нәтиже) аудан аумағында жер қатынастарын реттеу. Аудандық жер қатынастар бөлімін ұстау;

463-006 бюджеттік бағдарламасының міндеті (түпкілікті нәтиже) ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру;

463-004 бюджеттік бағдарламасының міндеті (түпкілікті нәтиже) жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

463-007 бюджеттік бағдарламасының міндеті (түпкілікті нәтиже) Мемлекеттік органның курделі шығыстары;

2015 жылдың шілде-желтоқсан айларында жоғарыда аталған бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін бөлінген 7050,0 мың теңгенің жыл соңында 7024,9 мың теңге игеріліп, 99,0 пайызды құраса, жалпы бөлінген қаражаттың жыл соңында игерілуі 99,6 пайызды құраған.

2016 жылы «Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бюджеттік бағдарламалар бойынша 17506,0 мың теңге бөлініп, игерілуі 99,9 пайызды құраған.

2017 жылы «Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бағдарламалар бойынша 8214,0 мың теңге бөлініп, игерілгені 8198,7 мың теңгені құрап, орындалуы 99,8 пайызды құраған. Жоғарыдағы көрсеткіштерді талдай келе бюджеттік бағдарламалар бойынша негізгі қойылған нәтижелерге (өнімділігі) қол жеткізгендігі байқалады.

Үнемділік көрсеткіштер бойынша «Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша анықталған нәтижелерге қол жеткізу үшін бөлінген құнын азайтуды көздейтін, осы нәтижелерге тиісті сапасын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік қаржы ресурстары мен активтерін үнемді пайдалануда. Алайда:

**1-тармақ.** «Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде барлық қызметкерлер құқықты қамтамасыз ету компьютерлермен қамтамасыз етіліген. Барлығына интернет желісіне қолжетімді болып, «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесін қолдануда. Алайда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны аудит жүргізу кезеңінде 2015 жылдың шілде-желтоқсан айларында 54,0 мың теңгеге, 2016 жылы 108,0 мың теңгеге келісім шарт арқылы ақпараттық-құқықтық қамтамасыз ету – «Зан» деректер базасына абоненттік қызмет көрсетіліп үнемді пайдаланбай келген. Барлығы тиімсіз жоспарланған қаржы **162,0 мың теңге** (аудиторлық есепке келсім-шарт көшірмелері 1 қосымшада 14 парақта жалғанды).

*Қазақстан Республикасының 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» кодексінің 4 бабының 12 тармағындағы көрсетілген тиімді жоспарлау принципін басшылыққа алынбаған.*

Нәтижелік (өнімділік) көрсеткіштер бойынша деректер нәтижелері оң әсері бар деп айтуға негіз бар, әлеуметтік және экономикалық дамуын қамтамасыз ете отырып мемлекеттік аудит және (немесе) мемлекеттік аудит объектісінің бағыты бойынша түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілді деп айтуға болады. Себебі: Жалпы, жер заңнамасы бұзушылықтардың басым көпшілігін мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін өз бетінше иеленіп, заңсыз құрылыс салу, жер учаскелерін мақсаты бойынша пайдаланбау не Қазақстан Республикасы заңнамасын бұза отырып пайдалану сияқты бұзушылықтар құрайды.

*Аманжол*

«Жер заң негізінде-басып алуды тоқтатайық» жобасын жүзеге асыру жоспары және «Қызылорда облысындағы пайдаланылмайтын және заң талаптарын бұза отырып пайдаланудағы жерлердің алып қойылуын қамтамасыз ету бойынша» Жол картасы бойынша облыстық прокуратурамен келісіліп, облыс әкімдігімен бекітілген Жол картасына байланысты, Жалағаш ауданы әкімінің 2017 жылғы 25 қаңтардағы №24 өкімімен жұмыс тобы құрылып 2017 жылға арналған іс-шара жоспары бекітілді. Іс-шара жоспарына сәйкес Жалағаш кенті бойынша аралау жұмыстарын жүргізу үшін 4-аймаққа бөлініп жұмыс сызбасы әзірленген. Осыған сәйкес 1-2 тоқсанда Жалағаш кенті бойынша «Максаты бойынша пайдаланбай (игерусіз), нысаналы мақсатын бұза отырып пайдаланып жатқан және мемлекеттік жерлерді өз бетінше иеленген жер учаскелерді анықтау, олар бойынша тиісті шараларды қабылдау үшін мүдделі мемлекеттік органдарының бірлескен іс-қимылдарының» Бағдаржолына сәйкес тиісті жұмыстар жүргізілген.

Жалағаш кенті бойынша мемлекет жер учаскесін өз бетінше иелену 2 фактісі анықталған. Нақтыласақ, Жалағаш кенті №1 көше көшесі бойында азамат М.Туленовтың мемлекеттік жер учаскесін өз бетінше заңсыз иеленіп тұрғын үй құрылысын салғаны, сонымен қатар азаматша К.Абдукаримованың Жалағаш кенті, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы мен Н.Әзірғазов көшелері қиылысындағы жер учаскесіне фундамент құйылып мемлекеттік жер учаскесін өз бетінше заңсыз иеленіп отырғандығы анықталған.

Сонымен қатар Жалағаш кенті, Сәрке батыр көшесі нөмірсіз үй тұрғыны азаматша А.Бисенова және Жалағаш кенті, С.Отарбаев көшесі №9 үй тұрғыны азамат Қ.Қалдыбектің Жалағаш аудандық сотының 28.12.2016 жылғы шешімімен тұрғын үйіне меншік құқығы танылған. Алайда жоғарыда аталған меншік иелері мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иеленгені анықталды. Жалағаш аудандық прокуратурасының 2017 жылғы 12 қаңтардағы №2-1003-17-00061 заңдылықты бұзушылықтарды құқық бұзушылыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсынысына сәйкес Жалағаш кенті әкімі тарапынан меншік иелеріне айыппұлдар салынған. Атап айтқанда, азамат Қ.Қалдыбекке 85087,5 теңге, азаматша А.Бисеноваға 85087,5 теңге, азамат М.Туленовке 85087,5 теңге, К.Абдукаримоваға 85087,5 теңге, барлығы 340350,0 мың теңге.

2017 жылдың 1-13 ақпан айы аралығында «Нұр-Отан» партиясы Жалағаш аудандық бөлімшесімен бірлесе отырып, аудандық жер қатынастары бөлімінің мамандарының қатысуымен барлық елді мекеннің тұрғындарына «Жер заң негізінде-басып алуды тоқтатайық» жобасын жүзеге асыру жоспары және «Қызылорда облысындағы пайдаланылмайтын және заң талаптарын бұза отырып пайдаланудағы жерлердің алып қойылуын қамтамасыз ету бойынша» жоспары түсіндірілген.

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды халыққа түсіндіру мақсатында аудан әкімінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 155 өкімімен жұмысшы тобы құрылды. Жұмысшы тобымен 2016 жылдың 5-12 мамыр күндері аралығында ауданның 14 ауылдық округтерінде тұрғындармен кездесулер өткізіліп түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Тиімділік көрсеткіші бойынша; Жалағаш жер қатынастары бөлімі) коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының «Жер кодексі»

*Handwritten signature*

2003 жылғы 20 маусымдағы №442 кодексінің 43 және 44 бабына сәйкес Жалағаш кентінің оңтүстік бетіндегі Дәуімбай учаскесінен 2015-2016 жылдар кезеңінде жеке тұрғын үй салу үшін жер алу кезегінде тұрған азаматтарға 315 жеке тұрғын үй құрылысын салуға жер берілген, оның ішінде жалпы 25 құрылыс объектісі салынған. Сонымен қатар тұрғын үй құрылысын салу үшін Дәуімбай учаскесінде барлық инфрақұрылым жасалған, бұл тұрғын үй салушыларға тиімді екендігін көрсетеді.

### *Сәйкестік аудитін жүргізу:*

## **2. Мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары мен құрылымы.**

“Жалағаш аудандық жер қатынастары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер қатынастары саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

“Жалағаш аудандық жер қатынастары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Жалағаш ауданының әкімдігі болып табылады.

“Жалағаш аудандық жер қатынастары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Жалағаш ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы №105 Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

“Жалағаш аудандық жер қатынастары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы ауданның экономикалық дамуына бағытталған жерлерді ұтымды пайдалануды, топырақ құнарлығын сақтауды және арттыруды, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқа да іс-шаралар кешендерімен жер ресурстарын қорғауды ұйымдастыру және жүргізу болып табылады.

Міндеттері:

- 1) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) өз құзыреті шегінде бөлімге жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

Функциялары:

1) иесі жоқ жер учаскелерін анықтау және оларды есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

2) ауданның жергілікті атқарушы органының жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

3) жер қойнауын пайдаланудың мемлекеттік геологиялық зерттеуге және барлауға байланысты мақсаттары үшін жер учаскелерін беру жөніндегі аудандық атқарушы органның ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

4) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

5) жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

6) мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту;

7) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

8) ауданның жерді аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

9) елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

10) жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуді ұйымдастыру;

11) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын, аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

12) ауданның жер балансын жасау;

13) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерінің есебін жүргізу;

14) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын беру;

15) жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

16) Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 71-бабына сәйкес ауданның жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

17) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

18) пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерді анықтау;

19) жерді резервке қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

20) жер-кадастрлық жоспарды бекіту;

21) жер қатынастары саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жүргізу;

22) мемлекеттік қызмет көрсетудің тиісті регламенттері мен стандарттарын сақтау, әкімшілік рәсімдерді сақтау;

23) заңдарда, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерінде, өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге функцияларды жүзеге асыру.

**3. Жер учаскілерін сатудан түсетін түсімдердің және жер учаскілерін пайдаланғаны үшін төленетін төлемдердің бюджетке түсуінің толықтығы мен уақытылығының қамтамасыз етілуін және жер ресурстарын пайдалануды әкімшіліктендіру жұмыстарына мемлекеттік аудит жүргізу.**

Жалағаш ауданының 2016 жылғы 1 қарашадағы жылдық жер есебі бойынша аудан территориясы 2 873 640 гектар жерді құрайды, оның ішінде санаттар бойынша ауыл шаруашылық жері 335 214 гектар, елді-мекен жерлері 42 760 гектар, өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлері 14 735 гектар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар 4 гектар, орман қорының жерлері 769 495 гектар, су қорының жерлері 8 922 гектар, мемлекеттік жер қоры 1 702 510 гектар құрайды.

«Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жер ресурстарын пайдалануды әкімшіліктендіру жұмыстары;

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді түгендеу туралы.

2015 жылдың маусым-желтоқсан айы аралығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін пайдаланбаған жеке және заңды тұлғалардан көлемі 1052 гектар жерлері бөлім тарапынан мемлекет меншігіне қайтарылған.

2015 жылға ауылшаруашылығы жерлерін айналымға қосуға 3 000 гектар бекітіліп, 13 жеке және заңды тұлғаларға көлемі 7567 гектар жер учаскесі рәсімделген.

ҚР Жер кодексінің 48-бабына сәйкес Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті және ауылдық округтер бойынша аукцион, конкурстар арқылы сатуға жататын жер учаскелерінің тізбесі жасақталып 2015 жылдың 2-ші жартыжылдығында 3 рет аукцион өткізілген.

2015 жылдың 2-ші жартыжылдығында жер учаскесін жеке меншікке немесе жер учаскесін жалдау құқығын сатудың іс-шара жоспарына сәйкес 9,0 млн теңге бекітілген болса, оның 8 812 673 теңге көлеміндегі қаржы мемлекет бюджетіне түсіп, орындалуы 97,9 пайыз құраған.

Жер кодексінде бекітілген нормадан артық жер учаскесін жеке меншікке сатудан және нысаналы мақсатын өзгертуден түсетін түсімдер бойынша 18 жер учаскесіне шарт жасалып, жалпы көлемі 2,082 гектар жер учаскелерінен жергілікті бюджетке 2 564 362 теңге түсірілген.

2016 жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін пайдаланбаған жеке және заңды тұлғалардан көлемі 399 гектар жерлері мемлекет меншігіне қайтарылған.

2016 жылға Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасымен ауылшаруашылығы жерлерін айналымға қосуға 8 000 гектар бекітіліп, 27 жеке және заңды тұлғаларға көлемі 7235 гектар жер учаскесі рәсімделген.

ҚР Жер кодексінің 48-бабына сәйкес Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті және ауылдық округтер бойынша аукцион, конкурстар арқылы сатуға жататын жер учаскелерінің тізбесі жасақталып 2016 жылы 6 рет аукцион өткізілген.

2016 жылы жер учаскесін жеке меншікке немесе жер учаскесін жалдау құқығын сатудың іс-шара жоспарына сәйкес 20000,0 мың теңге бекітілген болса, оның орындалуы 19 981,1 мың теңге көлеміндегі қаржы мемлекет бюджетіне түсіп, орындалуы 99,9 пайыз құраған.

Жер кодексінде бекітілген нормадан артық жер учаскесін жеке меншікке сатудан және нысаналы мақсатын өзгертуден түсетін түсімдер бойынша 60 тұлғамен жер учаскесіне шарт жасалып, жалпы көлемі 4,1839 гектар жер учаскелерінен жергілікті бюджетке 5 434 449 теңге түсірілген.

«Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесін мақсатсыз пайдалану бойынша 2016 жылы «Арал-Газ» ЖШС-не 25.01.2016 ж., «Мерей-1» ЖШС-не 25.01.2016 ж., жеке кәсіпкер Узбеков Нуржан Қонысбаевичке 29.01.2016 ж. Жалағаш кентінде кәсіпкерлік мақсатта берілген жер телімдеріне игерілу жағдайына тексеру жұмыстары жүргізілген, нәтижесінде жер учаскесін мақсаты бойынша пайдаланбау деректері анықталып, меншік иелеріне тиісті Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы тарапынан 1 (бір) жыл ішінде жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде нұсқамалар берілген.

*Алиев*

«Самара-Шымкент» автожолы бойынша аудандық жер қатынастары бөлімі арқылы 2016 жылы жер учаскесін пайдаланбаған азамат Әбдікерев Наурыз Демегенұлының құжаттары Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасына жолданған. Бұл жөнінде жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде 2016 жылғы 31 наурыздағы №03-01/560 ескертпе хаты берілген.

Елді-мекендердің шекараларын (шегін) өзгерту мен белгілеу жұмыстарын жүргізуге Ақсу, Аққұм және Мәдениет елді мекендердің шекарасын жобасы дайындалып, Жалағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы №4-8 шешімімен бекітілген.

2017 жылдың қаңтар-маусым айы аралығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін пайдаланбаған 2 жеке және заңды тұлғалардан көлемі 20 446 гектар жерлері мемлекет меншігіне қайтарылған.

2017 жылдың 6 айында Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасымен ауылшаруашылығы жерлерін айналымға қосуға 8 000 гектар бекітіліп, 15 жеке және заңды тұлғаларға көлемі 2205 гектар жер учаскесі рәсімделген.

ҚР Жер кодексінің 48-бабына сәйкес Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті және ауылдық округтер бойынша аукцион, конкурстар арқылы сатуға жататын жер учаскелерінің тізбесі жасақталып 2017 жылдың 6 айы бойынша 4 рет аукцион өткізілген.

2017 жылдың 6 айында жер учаскесін жеке меншікке немесе жер учаскесін жалдау құқығын сатудың іс-шара жоспарына сәйкес 7000,0 мың теңге бекітілген болса, нақты 6 701,5 мың теңге көлеміндегі қаржы мемлекет бюджетіне түсіп, орындалуы 95,7 пайыз құраған.

Жер кодексінде бекітілген нормадан артық жер учаскесін жеке меншікке сатудан және нысаналы мақсатын өзгертуден түсетін түсімдер бойынша 20 тұлғаға жер учаскесін сатып алу-сату шарты жасалып, жалпы көлемі 3,915 гектар жер учаскелері бойынша жергілікті бюджетке 5 299,3 мың теңге түскен.

Жалағаш кенті жерлерінің бағалау құнын анықтау мақсатында аймақтарға бөлу жобасы дайындалып, Жалағаш аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы №10-7 шешімімен бекітілген.

Елді-мекендердің шекараларын (шегін) өзгерту мен белгілеу жұмыстарын жүргізуге Мақпалкөл, Еңбек және Бұқарбай батыр елді мекендердің шекарасын жобасы дайындалып, Жалағаш аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы №10-8 шешімімен бекітілген.

Аудан бойынша жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілген өтініштердің кезектілігі бойынша.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44-1 бабының 8 тармағына сәйкес өтінімдер Жалағаш кентіне кезекте 1925 өтініш берілген.

Жалағаш ауданында Жалағаш кентінен жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер иеленуге өтініш білдіріп, кезектілікте тұрған азаматтардың тізімдері Жалағаш ауданы әкімдігінің ресми интернет ресурсының «Электронды кезек» тізіліміне енгізілген.

*Жид*

2015-2016 жылдар кезеңінде Жалағаш кентінен Дәуімбай учаскесінен 315 жеке тұрғын үй құрылысын салуға берілген, оның ішінде жалпы 25 құрылыс объектісі салынған.

Жер учаскілерін сатудан түсетін түсімдердің және жер учаскілерін пайдаланғаны үшін төленетін төлемдердің бюджетке түсуінің толықтығы мен уақытылығының қамтамасыз етілуін мемлекеттік аудит жүргізу барысында төмендегі кемшіліктер анықталды.

**2-тармақ.** Жер учаскесін сату бойынша «Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сатып алушы Елибаев Рахат Торгаевичпен 2016 жылдың 20 шілдесінде №500 алу-сату шарты жасалған. Шартта Ш. Уәлиханов көшесі бойында орналасқан жеке тұрғын үй құрылысы үшін 0,1600 га бөлім тарапынан бекіткен жер учаскесінің бағалық құны 224000 теңгенің жерін сатып алу көзделген. Сатып алушы сатып-алу шарты қол қойылған күннен бастап 5 (бес) ай мерзім ішінде төлеуге міндетті болса да бүгінгі күнге дейін төленбеген. Яғни, алу-сату шарты талабы бойынша сатып алушы Р. Елибаев 2016 жылдың 20 желтоқсанына дейін жер учаскесінің құнын төлеуге тиіс болатын. Барлығы **246078 теңге**, оның ішінде негізгісі 224000 теңге, тұрақсыздық айыбы 22078 теңге төленбегені анықталды (303101 сыныптама коды).

Бөлім тарапынан сатып алушы Р. Елибаевқа сатып алу шарты бойынша төленбеген соманы өндіру мақсатында 2017 жылдың 30 желтоқсанында №02-2/369 санды хабарлама жолданған.

*Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 «Жер Кодексінің» 14-1 бабы 3 тармағы 16 тармақшасы, 47 бабы 4 тармағы басшылыққа алынбаған.*

#### **4. Бюджеттік өтінім мен қаржылық жоспарлардың жасалуы мен атқарылуы.**

«Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықтағы әр жылға арналған бюджеттік өтінімдері «Қазақстан Республикасының «Бюджет кодексі» 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексі, «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 13 наурыздағы №73 Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің, «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №511 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрықтарына сәйкес уақытылы және бекітілген нысандарда жасалып, Жалағаш аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне тапсырылып отырған.

Сондай-ақ мекеменің мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта бюджеттік бағдарламалары бойынша жеке қаржыландыру жоспарының жасалуының дұрыстығы мен орындалуы, бюджеттік шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшеліктері бойынша жоспарының жасалуы «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығы басшылыққа алынып жасалынған.

Жыл көлемінде жеке қаржыландыру жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тиісті нысанда жасалған анықтамалар негізінде жүргізіліп,

мекеменің жеке қаржыландыру жоспарлары бюджеттік бағдарлама әкімшісімен уақытылы бекітіліп отырған.

Мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес 2015 жылдың шілде-желтоқсан айларында бюджеттік бағдарламалар бойынша барлығы 7050,0 мың теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде, бюджеттік бағдарламалар бойынша:

463-001-011 «Аудан аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының «Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен» кіші бюджеттік бағдарламасына 91,0 мың теңге бөлініп, 79,9 мың теңгеге кассалық шығыс жасалғын. Жыл соңында 11,1 мың теңге мекеме шотында қалған.

463-001-015 «Аудан аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бюджеттік бағдарламасына 5011,0 мың теңге бөлініп, 5004,0 мың теңгеге кассалық шығыс жасалғын. Жыл соңында 7,0 мың теңге мекеме шотында қалған.

463-006-000 «Аудандық маңызы бар қалалардың, кентердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру» бюджеттік бағдарламасының «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бюджеттік бағдарламасына 1778,0 мың теңге бөлініп, 1777,8 мың теңгеге кассалық шығыс жасалғын. Жыл соңында 7,0 мың теңге мекеме шотында қалған.

463-007-000 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасының «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бюджеттік бағдарламасына 170,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген.

Мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес 2016 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында бюджеттік бағдарламалар бойынша барлығы 17506,0 мың теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде, бюджеттік бағдарламалар бойынша:

463-001-011 «Аудан аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының «Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен» кіші бюджеттік бағдарламасына 3288,0 мың теңге бөлініп, 3287,3 мың теңгеге кассалық шығыс жасалғын. Айырмасы 0,7 мың теңге мекеме шотында қалған.

463-001-015 «Аудан аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бюджеттік бағдарламасына 9880,0 мың теңге бөлініп, 9873,7 мың теңгеге кассалық шығыс жасалғын. Айырмасы 6,3 мың теңге мекеме шотында қалған.

463-004-000 «Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасына 3000,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген.

463-006-000 «Аудандық маңызы бар қалалардың, кентердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру» бюджеттік бағдарламасының «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бюджеттік бағдарламасына 988,0 мың теңге

бөлініп, 987,5 мың теңгеге кассалық шығыс жасалғын. Айырмасы 0,5 мың теңге мекеме шотында қалған.

463-007-000 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасының «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бюджеттік бағдарламасына 350,0 мың теңге бөлініп, 348,9 мың теңгеге кассалық шығыс жасалғын. Айырмасы 1,1 мың теңге мекеме шотында қалған.

Мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес 2017 жылдың қаңтар-маусым айларында бюджеттік бағдарламалар бойынша барлығы 8214,0 мың теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде, бюджеттік бағдарламалар бойынша:

463-001-000 «Аудан аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына 7764,0 мың теңге бөлініп, 7748,7 мың теңгеге кассалық шығыс жасалғын. Айырмасы 15,3 мың теңге мекеме шотында қалған.

463-007-000 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасына 450,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген. Бұзушылықтар анықталмады.

**5. Мемлекеттік аудит объектісінің бухгалтерлік есептілікті ұйымдастырудың, жасаудың және ұсынудың белгіленген тәртібінің сақталуы, бухгалтерлік есепке алуы және қаржылық есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығы.**

Мекеме бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы» және 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 «Есеп саясатын бекіту туралы» бұйрықтарының негізінде, бухгалтерлік есептің мемориалды-ордерлік нысаны бойынша жүзеге асырады. Бухгалтерлік есептің тіркелімдерінде (проводкалары) операция мен оқиғаларды жасау фактісін белгілейтін, толық әрі дұрыс рәсімделген алғашқы құжаттар жазбалары негіз болған.

Бухгалтерлік есеп жүргізудің алғашқы құжаттары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 жылғы 2 тамыздағы №390 «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген нысандарға сәйкес жасалынып, бухгалтерлік тізбектері жүргізіліп, мемориалды-ордерлерге біріктіріліп, тігілген.

Барлық мемориалды-ордерлер әр айдың соңында «Басты-журнал» кітабында тіркелген. Синтетикалық және талдамалы есеп шоттары бойынша бухгалтерлік жазбалардың дұрыстығын бақылау үшін тиісті синтетикалық шотпен біріктірілетін сараптама шоттарының әр тобы айналым ведомостері жасалынған.

Мекеме бюджеттік бағдарламаларды орындау жөніндегі есептерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 31 шілдедегі №324 «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» және «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бұйрықтардың талаптарына сәйкес жүргізген.

Қазақстан Республикасының Заңы, «Қаржы есептілігін жасаудың және ұсынудың нысаны мен ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі №325 Бұйрығы, «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын бекіту туралы» 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрықтарына сәйкестігін тексергенде бухгалтерлік бас кітап жүргізілген, сондай-ақ №1 нысандағы баланстар, №2, №3, №4, №5 нысандағы және кредиторлық және дебиторлық туралы есептері мен түсіндірме жазбалары толық жасалынған. Бұзушылықтар анықталмады.

#### **6. Банктік және есеп айырысу операцияларының дұрыстығына аудит жүргізу, есеп айырысу тәртібінің сақталуы.**

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта «Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаментінде БСК ККМФКЗ2А, ЖСК KZ14070103KSN3305000 шоты бойынша бюджеттен бөлінген қаржыны жұмсауда тиісті құжаттары толығымен тіркеліп, жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылданып, бюджет қаржысы заңнамаға сәйкес жұмсалған.

Мекеменің банктік және есеп айырысу операциялары «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының кодексін, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығын басшылыққа алып жүргізілген.

Міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес мекеме шотынан кассалық шығысталған қаржыны жұмсауда тиісті құжаттары толығымен тіркеліп, бюджеттік бағдарламаларға сәйкес қаржы уақытылы жұмсалған. Мемлекеттік мекеменің банктік есеп шоты бойынша бюджет қаражаттарының кіріс-шығыстары мәліметтерін (№ 4-20 нысан) бухгалтерлік есептерімен, ай сайынғы №2 мемориалдық ордерлерімен және тиісті бастапқы құжаттарымен салыстырып тексергенде айырмашылықтар анықталған жоқ.

Қызметкерлер мен жұмысшылардың еңбекақылары, үстемеақылары мен өтемақы төлемдері «Бюджет қаражаты есебінен жалақы, стипендия, зейнетақы, жәрдемақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарға және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдарға жалақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 1999 жылғы 28 қыркүйектегі №1464 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес «Қазақстан Халық банкі» АҚ-нан әрбір қызметкерге ашылған карт шоттарға аудару арқылы төленіп отырған.

Банктік және есеп айырысу операцияларының дұрыстығы және есеп айырысу тәртібінің сақталуы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

#### **7. Жұмысшылар мен қызметкерлердің штат саны, олармен есеп айырысу жұмыстарының жүргізілуі.**

«Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысымен штаттық кестесі бекітілген. Атап айтқанда; мемлекеттік қызметшілердің штат бірліктері 3, оның ішінде: Бөлім басшысы—1 бірлік, бас маман- 2 бірлік, Одан басқа штаттан тыс қызметкерлері барлығы 4 бірлікте, оның ішінде статист-1 бірлікте, әдіскерлер —2 бірлікте, іс жүргізу жөніндегі хатшы—1 бірлікте, көлік жүргізуші—1 бірлікте қызмет атқаруда.

«Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне еңбекақы, өтемақы және сыйақылары «Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған ҚР органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, «Базалық лауазымдық жалақы мен түзету коэффициентінің мөлшерін бекіту туралы» 2003 жылғы 23 қаңтардағы №74, «Орташа жалақы есептеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №1394 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары және «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде мекемеде құрылған комиссиямен қызметкерлердің еңбек өтілдері, санат топтары, еңбекақы есептеу коэффициенттері анықталып, жыл басында бекітілген штаттық кестеге сәйкес бюджеттен бөлінген қаржыдан есептеліп төленген.

Сонымен қатар, мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықтағы келісім шарт негізінде жұмыс атқарушы штаттан тыс қызметшілеріне есептелген айлық жалақылары мен қосымша үстемеақылары, кезекті еңбек демалыс ақылары «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №1400 және «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулылары, «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №1394 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы басшылыққа алына отырып, жыл басында бекітілген штаттық кестеге сәйкес мекеме басшысының бұйрығымен құрылған комиссияның шешімімен қызметкерлердің еңбек өтілі анықталып, осыған сәйкес есептеліп, төленіп, ал еңбекке жарамсыздық парағына жәрдемақыларды есептеу «Әлеуметтік жәрдемақы тағайындау және төлеу, сондай-ақ оның мөлшерін айқындау ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 28 желтоқсандағы №1339 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, «Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерін айқындау туралы» 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1103 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулылары басшылыққа алынып жүргізілген.

Бөлімнің штаттан тыс жұмыс атқарушы қызметкерлерімен еңбек келісім-шарттары толық жасалынған, мемлекеттік қызметшілерге және штаттан тыс

қызметкерлерге есептелген еңбекақы, сыйақы, материалдық көмектің дұрыстығына мемлекеттік аудит жүргізгенде кемшіліктер анықталған жоқ.

Жұмысшылармен және қызметкерлермен есеп айырысу жұмыстарының жүргізілуі мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

**8. Ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар, есеп беруші тұлғалармен есеп айырысу жұмыстарының жүргізілуі, шарт талаптарының орындалуы, бақылау жүргізу кезеңі ішінде дебиторлық және кредиторлық берешектің жай-күйі, туындау себептері.**

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта «Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әр түрлі ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындармен жүргізген есеп айырысулары көрсетілген қызметтер мен жұмыстарға, қызметтер мен жұмыстардың атқарылғанын дәлелдейтін құжаттар мен тауарлардың кіріс құжаттары негізінде жасалған.

Есеп беруші тұлғалармен есеп айырысу жұмыстары «Мемлекеттік бюджетті есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес жүргізілген.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта «Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әр түрлі ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындармен жүргізген есеп айырысулары көрсетілген қызметтер мен жұмыстарға, сатылып алынатын тауарларға жасалған келісім-шарттар, қызметтер мен жұмыстардың атқарылғанын дәлелдейтін құжаттар мен тауарлардың кіріс құжаттары негізінде жасалған. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

**9. Негізгі құралдардың, тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуы және есептен шығарылуы, мүліктің пайдаланылуы.**

«Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгеріміндегі негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарға «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің бұйрығының талаптарына сәйкес мемлекеттік мекеменің теңгеріміндегі мүліктерге түгендеу жүргізуіне аудит жүргізу барысында аталған қағиданың 3-тармағының талаптарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті жасау алдында мекеме басшысының бұйрығымен құрылған комиссияның қатысуымен түгендеу жұмыстары жүргізілген, нәтижесінде артық немесе кем шығу фактілері анықталмаған.

Мемлекеттік мекеме теңгеріміндегі және бюджеттен бөлінген қаржыларға сатып алынған негізгі қорлардың, тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуы, бухгалтерлік есеп бойынша кірістелуі мен шығысталуының дұрыстығына, мүліктің тиімді пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізгенде кемшіліктер анықталған жоқ.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта негізгі құралдардың амортизациясы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін

*М.С.*

бекіту туралы» 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығына сәйкес уақытылы есептеліп отырған.

Мемлекеттік мекеме теңгеріміндегі негізгі құралдардың, тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуы және есептен шығарылуы, мүліктің пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізгенде кемшіліктер анықталған жоқ.

**10. Орналасқан алаңдардың белгіленген мөлшерлерін сақтау, қызметтік автокөлікті күтіп ұстауға арналған және жанар-жағармай материалдары шығыстардың нормаларының сақталуы.**

«Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 үйде орналасқан «Жалағаш аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты ғимараттың 2 қабатында 104,0 шаршы метірде өтеусіз 3 бөлмеде орналасқан.

«Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгерімінде 2017 жылдың 1 сәуіріне №2350 «Көлік құралдары» шот есебі бойынша 2011 жылы шыққан, мемлекеттік номері N454 CE, UA3-315196-030 маркалы автокөлік бар.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта автокөлікке жұмсалған жанар-жағар майлары және қосалқы бөлшектерінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы» 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес шығысталуын тексергенде жанар-жағар майлары жол жүру қағаздарына, әрбір 100 км жүрілген жолға бекітілген нормативтерге сәйкес шығысталған. Кемшіліктер анықталған жоқ.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта, артық алаңдар мен жабдықтарды мүліктік жалға беру фактілері анықталған жоқ.

Мекеме қолданысында 2 нүкте қызметтік телефондары бар, атап айтқанда 79-1-27, 31-9-78. Аудитпен қамтылған аралықта байланыс қызметтері шығыстарының «Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған алаңдар нормалары мен телефон байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 Қаулысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының талаптарына сәйкестігіне мемлекеттік аудит жүргізгенде бұзушылықтар анықталған жоқ.

**Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер:** «Жалағаш жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік аудит жүргізуге кедергілер келтірілген жоқ.

**Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:** жоқ

**Қосымшалар:**

1. Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі 21.08.2017 жылғы №28.7-150-Т талап;
2. Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі;
3. 1 қосымша келсім-шарт көшірмелері- 14 парақта;

*Аид*

4. 2 қосымшада сатып алу шарты, хабарлама көшірмелері-3 парақта;
5. Лауазымды қызметкерлердің түсініктері.

**Тексеру комиссиясының қызметкер(лер)і:**

№2 мемлекеттік аудит бөлімінің  
бас маман-мемлекеттік аудиторы



М. Талапбаев

**Аудитке тартылған мемлекеттік органдардың мамандары, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қызметкерлері, сарапшылар**

\_\_\_\_\_

(лауазымы)

\_\_\_\_\_

(қолы, аты-жөні, тегі)

**Аудиторлық есеп екі данада жасалды:**

1-дана «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінде. Бланк №001576. 2-дана «Жалағаш аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде. Бланк №001577.

Тексеру комиссиясы  
2 дана